



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Таза Қазақстан



Тазалық табалдырықтан басталады

Бүгінде Жалағашқа келген қонақтар кенттің тазалығына таңқалып, тамсанып жатады. Шыны керек, аудан орталығы соңғы уақытта қоқыстан тазарып, көшелеріміз көркейіп-көгалданды. Бұрын ауламыздан қоқыс шығару үлкен мәселе еді. Қазір бұл да шешімін тапты. Нақтырақ айтсам, қоқысты қапқа салып, аула сыртына шығарып қойсаң, таң атысымен кент әкімшілігіне қарасты «Жалағаш қызмет» КММ қызметкерлері көлікпен жинап алып кетеді. Сондай-ақ қоқыс жәшіктері де орналасқан. Бір сөзбен айтқанда, аудан тазалығына жауап беретін азаматтардың жұмысында жүйе бар.

Жыл сайын елді мекендерді көркейту-көгалдандыру бағытында көптеген жұмыс атқарылады. Әкімдік тарапынан өкімдер шығып, күз және көктем мезгілдерінде тазалық-санитариялық, көркейту-көгалдандыру айлықтары жарияланады. Бүгінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аудан орталығында, ауылдық елді мекендерде жаппай сәнбілік шаралары белсенді өтуде. Ақция аясында көшелер жиналып, қоқыстар мен қатты қалдықтар шығарылып, көптеген ағаш отырғызылды. Сонымен қатар көше жолақтары сызылып, аллеяларда сырлау жұмыстары жүргізілді. Тазалық жұмыстарына мекеме, кәсіпорын қызметкерлері мен аудан тұрғындары, ерікті жастар белсене қатысты. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов сәнбілік жұмыстарымен танысып, жауапты сала басшыларына жиналған құл-қоқыстар мен қалдықтарды уақытылы жинап алу қажеттігін жеткізді.

— Таза Қазақстан — тамаша идея. Бүгінгі іс-шара барысында Дәуімбай елді мекенін тазалап, құл-қоқыстарды жинадық. Бұл жұмысты әрі қарай жалғастыратын боламыз. Жалпы жалағаштықтарды осындай іс-шараға қатысуға шақырамын, — дейді кент тұрғыны Баяділ Берікбай.

Жалпы тазалық пен кент көлбетінің көркі жайлы аудандық газетке бірнеше рет мақала шығарып, тұрғындарды тазалыққа шақыруды үздіксіз жүргізіп келеді. Тазалықты жай ғана қарапайым сөз емес, үлкен ұлағатты, мағыналы сөздердің бірі ретінде түсінудіміз қажет. Себебі тазалық — адамның рухани, мәдени жетілу деңгейінің, кісілігі мен тәрбиесінің маңызды көрсеткішінің бірі.

Мұнан бөлек аудан тұрғындарына үйлерінің сыртқы көлбетін және өздері мекен ететін көшесін таза ұстауға, көгалдандыруға, аула маңын жақсартуға насихаттау, елді мекенді абаттандыру жолындағы бастамаларын қолдау және ынталандыруға бағытталған «Жасыл көше», «Үздік аула» байқаулары ұйымдастырылуда. Осындай шаралар тұрғындардың экологиялық мәдениетінің одан әрі көтерілуіне ықпал етуде.

Гүлсезім АУФАН,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 4-курс студенті

Науқан



Бақша өнімдеріне басымдық беріледі

Жыл басында картоп бағасы күрт өсіп, елді әбігерге салды. Наннан кейін картоп халықтың ең көп тұтынатын тағамы екені рас. Шыны керек, дүкен сөрелерінде картоптың құны 400 теңгеден асып жығылды. Үкіметтің айтуынша, картоптың қымбаттауына экспорт көлемінің артуы себеп болған. 2023 жылы шамамен 400 мың тонна картоп экспортталса, өткен жылдың соңында бұл көрсеткіш еселеп артып, 600 мың тоннаға дейін өскен. Картоптың басым бөлігі көрші Өзбекстанға сатылады екен. Қуантарлығы, бүгінде картоптан тапшылық жоқ, бағасы тұрақталған. Бұл бірінші рет болып отырған жағдай емес. Картоп та, сәбіз де бір жылдары қатты қымбаттаған. Негізінен салдармен емес, себеппен күресу керек. Жалпы бағаның өсу себебі шаруалардың қызметімен ұштасады. Салдарына қатысты билік қаншалықты қадам жасады? Тарқатайық...

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын 23,7 млн гектар жерге егу жоспарда бар, бұл былтырғы көрсеткіштен 413 мың гектарға артық. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың егіс алаңдары 115 мың гектарға қысқарып, 16,6 млн гектарды құрайды. Бидай алаңы өткен жылмен салыстырғанда 187 мың гектарға қысқарып, 13 млн гектарға егіледі. Ерекше тоқталатын жайт, майлы дақылдар 378 мың гектарға ұлғайып, 3,3 млн гектарды құрайды, оның ішінде күнбағыс 1,4 млн гектарға жеткізіледі.

Сондай-ақ өңімімізге арқау болған картоп 11,3 мың гектарға артып, 83,4 мың гектарды құрайды. Мұнан бөлек азық-түлік дақылдар алаңын 127 мың гектарға ұлғайту және оларды 3,3 млн гектарға дейін жеткізу жоспарлануда. Жалпы дәнді, майлы, көкөніс, бақша дақылдары, картоп алқабының артуы ішкі нарықтың қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда 279 мың гектар алаңда дәнді дақылдар, 100 мың гектар азық-түлік дақылдар, 33 мың гектар көкөніс дақылдары, 13 мың гектар картоп, 20 мың гектарға жуық бақша дақылдары, 42 мың гектарға жуық майлы дақылдар егілген. Жалпы биыл 406 мың гектар алаңға күздік дәнді дақылдар егілді.

Биыл Сыр өлінде ауыл шаруашылығы дақылдары 190 мың гектарға егіледі. Нақтырақ тоқталсақ, 97,3 мың гектар дәнді дақылдар, 3,8 мың гектар майлы дақылдар, 71,1 мың гектар жем-шөп дақылдары, 17,8 мың гектар картоп, көкөніс және бақша дақылдары егіледі. Бұдан басқа 21,3 мың гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын, сондай-ақ 76,2 мың гектар шабындықты суару жоспарланған.

Былыр аудан шаруалары күріштен бөлек бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын екті. Тарқатып айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың егуі жоспарланған, 13, 770 гектар жаздық бидайдың егуі

жоспарланған. 9 центнерден, 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41, 40 гектар арпаның әр гектарынан 8,2 центнерден өнім жиыды. Мұнан бөлек 64 центнер сұлы, 33 276 центнер картоп, 195 центнер көкөніс, 299 650 центнер бақша дақылдары жиналды.

Сондай-ақ былтыр облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес ауданда әр отбасы өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін шаруашылық құрылымдарымен 500 гектар жер дайындалып, 188 гектар жерге картоп, 191 гектар жерге бақша, 121 гектар жерге көкөніс дақылдарын егіп, ысырапсыз жинап алынды.

Биыл да аймақ бойынша көкөніс, бақша өнімдерін 17,8 мың гектарға егу межелеген. Дегенмен су лимитіне байланысты егіс көлемінде өзгеріс болуы мүмкін. Жалпы аудан бойынша биыл 36 780 гектарға егін егу жоспарланған.

Аяқсу тапшылығы орын алған уақытта аудан диқандары күріш көлемін азайтып, көкөніс және бақша өнімдеріне басымдық беруді қолға алды. Солардың бірі — «Ер-Әлі» шаруа қожалығы.

Шаруашылық күріштен бөлек жыл сайын ірі көлемде картоп егеді. Өнімі де жаман емес. Шаруашылық төрағасы Әліби Бекжановтың мақсаты — жиналған өнімді сырт өңірлерге қымбат бағамен сатып, пайдаға кенелу емес, қайта бағаны тұрақтандыру.

Еңбек адамының айтуынша, қырық-қабатын біздің жерге шығуы қиындау. Ал картоп-сәбізді егуге болады. Әрине, көкіністі бос, тың жерге егу керек. Ол үшін шаруашылық 5 шақырым жерге электр энергиясын тартып, насос апарып қойған. Осылайша тамшылатып суару әдісімен картоп, сәбіз егуді қолға алған. Жонышқа, салгерге қарағанда картоп, сәбіз жақсы шығады. Тұқымдық картопты, өгетін техниканы да әкеліп қойған. Баяғы қолдап егіп, қолдап жинау, яғни ескі әдіс енді келмеске кеткен. Қазір бәрі арнайы техниканы, жаңа технологияны қажет етеді.

Шаруа адамдарының айтуынша, алғашында тәжірибе ретінде осы әдіспен 5 гектар сәбіз, 1 гектар қызылша және 24 гектар картоп өсірген. Өнімді күзде жинайды, ал қазан айында қызылша толық піседі. Өйткені бұл тамыр дақылдары шамамен 220 күнде өседі. Мол өнім алу үшін диқандар әрдайым іденіс үстінде болуы керек.

ЖАРЫН

Несібе

Көңіл тойған жәрмеңке



Қақаған қыс кетіп, көктем келді. Күн шуағын төгіп, жер бетін емірене өбеді. Айнала ес жиып, етек-жеңін түзеуге кіріскен. Қыстан қысылмай шыққан халық Жер-ананың ризығына шүкір етеді. Өткен сәнбінің таңы аудан орталығындағы Абай көшесінің бойы әдеттегідей емес, күйбең тіршілік пен абыр-дабыр қозғалыспен басталды. Өйткені жалағаштықтар үшін молшылық мерекесі саналатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Ауылдың шаруа адамдары былтырғы мол өнімнен қалған азық-түлігін аудан орталығына арнайы алып келіп, халықпен бөлісті. Әдеттегідей табиғи азық-түлік пен ет, балық өнімдері және көкөністер мен жемістер сатылымға шығарылды. Бұл жолы аудан тұрғындарын сапалы өніммен қатар жайлы баға да қуантты. Жәрмеңкеде төбе көрсеткен шаруалардың барлығы нарықтан 25-30 пайыз төмен бағамен сапалы өнімдерін өткізуге тырысты.

Жалғасы 2-бетте

2 ҚОҒАМ

Көңіл тойған жәрмеңке

Жалпы жәрмеңкеде аудан тұрғындарына 22 автокөлікпен 45,7 тонна азық-түлік өнімдері ұсынылды. Оның ішінде жергілікті шаруалардың өнімдерімен қатар «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының тұрақтандыру қорынан 3 тонна картоп, 1 тонна пияз, 500 келі сәбіз және күнбағыс майы төмен бағамен аудан тұрғындарына сатылды.

– Жәрмеңке маған ұнап жатыр. Үйімнің жанында, алыс емес. Баға арзан, күріш, ұң, ет және балық өнімдерін сатып алдым. Осындай жәрмеңке жиі ұйымдастырылса деймін. Халыққа жақсы гой, бағалары қаптаға қонымы, картоп, сәбіз, пияз барлық жерде қымбат екені рас. Ал жәрмеңкеден оңтайлы бағада сатып аласың. Ұйымдастырушыларға, кәсіпкерлерге ризамыз, халық қуана келіп жатыр. Шаруа адамдарына алдағы науқанды сәтті бастауына тілектестің – дейді кент тұрғыны Мәдина Үбітаева.

Әрине, тұрғындар Жаңадарияның қауын-қарбызын, Мақпалкөлдін алмасын асыға күтеді. Алайда бұл өнімдерді көктемде базардан табу оңай шаруа емес. Десе де аталған өнімдер жәрмеңкеге аз да болса жеткізіліпті. Ал шаруалар болса, тұтынушыларға биыл қауын-қарбызды мольнан егеміз деп үде берді.

– Жәрмеңкеде 22 автокөлікпен 45,7 тонна азық-түлік өнімдері сатылымға шығарылды. Айта кету қажет, жәрмеңке қарсаңында өнімдердің бағасы нарықтан 20-30 пайызға төмен болды. Бұл шара тұрғындарды арзан азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта да қажеттілік тудыратын азық-түлік өнімдері жәрмеңке барысында халыққа қолайлы бағада ұсынылатын болады. Азық-түлік бағасының күрт өсуі орын алған уақытта аудан дикандары күріш көлемін азайтып, көкөніс және бақша өнімдеріне басымдық беруді қолға алуда. Осы бағытта жергілікті билікті жұмыстарды атқаруда. Жалпы аудан бойынша биыл 36 780 гектарға егін егу жоспарланған, – дейді аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов.



Жәрмеңкеде жергілікті өнерпаздар өнер көрсетіп, балаларға арналған ойындар ұйымдастырылып, келушілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Бір сөзбен айтқанда, жалағаштықтар жәрмеңкені тек сауда-саттық мақсатта ғана емес, бір-бірімен қал-жағдай сұрасып, мереке іспетті өткізді.

– Мен Жаңадария ауылының тұрғынымын. Өздеріңіз де байқап тұрған шығарсыздар, Жаңадария десе, халықтың есіне бірінші қауын мен қарбыз түсетіні бар. Былтыр

жергілікті билік аяқсу мәселесін шешіп берсе жеткілікті, – дейді шаруа адамы Рысбек Илиясов.

Жалпы жәрмеңкені ұйымдастырудың мақсаты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден тікелей тұтынушыларға жеткізу болып табылады. Бастысы, жәрмеңке шаруалар мен тұтынушылардың көңілінен шықты.

Жандос ЖАЗКЕН
Басы 1-бетте

Сақтансаң, сақтайды



Орманды өрттен қорғайық

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі және Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері орман-дала өртінің алдын алу мақсатында күнделікті рейд өткізуде. Сондай-ақ аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов орман шаруашылығының қызметкерлері мен орманшыларға орман-дала өртінің алдын алу ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар мобильді топпен бірге орман алқабының №6, №7, №8, №9, №10 орамдарына рейд ұйымдастырылды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері орман және дала өрті болдырмау мақсатында жергілікті тұрғындарға түсіндірме жұмысын жүргізуді дәстүрге айналдырды десе де болады. Сондай-ақ тұрғындарға қоқыс және құрғақ шөптерді қауіпсіздік қағидалары сақтамай өртеуге жол бермеу керектігі жөнінде ескертілуде. Бүгінгі таңда жоғарыда көрсетілген өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған 2 жеке тұлға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 336-бабына сәйкес қысқартылған түрде 78 мың 640 теңге айыппұл салынды. Өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау мәселесінің алдын алады.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Қаракеткенді дамыту – басты мақсат



Саяси науқанның басталуына санаулы күн қалды. Бұл сайлау жерлестер үшін өте маңызды. Себебі тұтас бір ауылдың алдағы бес жылдағы болашағы үшін таңдау жасайды. Өз басым ауылды дамыту әр азаматтың перзенттік парызы деп білемін.

Ауылдың инфрақұрылымының дамуына, абаттандырылуына, халық игілігіне қызмет ететін нысандарына уақытылы сапалы жөндеу жұмыстары мен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, ауылда көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге жұмыс жасаймын. Жалпы ауылда мектеп, ойын алаңы, мәдениет үйі мен дөрігерлік амбулатория бар. Өздеріңіз білетіндей, былтыр ауылда жаңа амбулатория құрылысының жұмысы басталып, биыл ел игілігіне пайдалануға берілді.

Ауылдық округте балалар тәрбиесіне, білім және мәдениет, спорт саласының дамуына ықпал етемін. Бір сөзбен айтқанда, жастардың бос уақытын тиімді өткізіп, оларды өнер-білімге баулимын. Ол үшін ең алдымен алдағы уақытта ауыл өнерпаздарының өнерін үлкен сахнада дәріптеп, олардың дүбірлі додаларда топ жаруына жұмыс жасаймын. Яғни ауылға жаңадан мәдениет ошағының бой көтеруіне бар қарым-қабілетімді саламын.

Әрине, бұл нысандар ауыл тұрғындарына қызмет ететіндіктен сапасы жоғары болуын үнемі қадағалауымыз болады. Халықтың тұрмыс сапасын, өмір сүру деңгейін көтеру үшін барлық жағдайдың жасалуын қолға аламын. Халықтың әлсіз топтары мен еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қолдау жасалуына ықпал етемін. Оның ішінде жетім балалар мен аз қамтылған отбасы балаларына арнап жазғы лагерге жолдамалар алып беруге ықпал етемін.

Қазір кәсіп бастаймын деген жастарға мемлекет тарапынан берілетін көмек көп. Мәселен, қайтарымсыз грант, төмен пайызбен несие. Ауылда өз кәсібін бастап, оның көкжиегін кеңейтпейтін деген жандарды сүйемелдеп, жұмыссыздық мәселесіне тұсау қоямын. Жалпы бұл бастамалар арқылы халықты кәсіпке баулимын. Сонда ғана ауылдың кірпісі артып, халықтың тұрмыс сапасы көтеріледі.

Ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып жылыжай кешендерін ашуға және тұрғындардың пайдалануына жағдай жасаймын.

Мұнан бөлек 2029 жылға дейін ауылдық округтегі сапасы сын көтермейтін ауыл ішіндегі 10 кешеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысатын боламын. Ауылдың ішкі көшелерін жарықтандырып, абаттандыру мақсатында бюджеттен тиісті қаражат бөліруді қуырлы органдарға мәселе етіп қойып, уақытылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында табанды жұмыс жүргіземін. Ең алдымен 2026-2027 жылдары жарықтандыру мәселесіне басымдық беріп, кіреберіс автомобиль жолына жарықтандыру жүргізілетін болады. Сонымен қатар Далдабай өлді мекеніндегі ішкі көшелерге жарықтандыру мәселесі шешімін табатын болады. Мұнан бөлек 2026 жылы ауыл тұрғындары толығымен көгілдір отынға қосылатын болады. Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстауға, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды басты назарда ұстауға бар күшімді саламын.

Жалпы кез келген адамның туған жерінің түлеуіне тамшыдай болса да үлес қосу керек. Бұл саяси науқан маған сол мақсатты жүзеге асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру арқылы сіздердің қолдауларыңызбен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Алдағы уақытта ауылдың гүлденуіне, ондағы халықтың тұрмыс сапасының артуына барлық күшімді салатын боламын. Сондықтан мен ауылымыздың озық өңірлердің үнемі алдында тұруы үшін жерлестерімді мені қолдауға шақырамын.

Аділ ТОҚТАРОВ,
Қаракеткен ауылдық округі әкіміне үміткер
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Шаруа шираса, ауылдың өрісі кеңейеді

Ауыл – қазақтың құрғамыры. Ұлттық құндылықтың ошағы да осы ауылдан бастау алады. Соңғы уақытта ауылдық жерлердің әлеуетін арттыруға баса назар аударылуда. Бүгінге дейін жарқын жобалар жүзеге асқан Қаракеткен ауылдық округінде биыл да ауыл ажарын аша түсетін жобалар жоқ емес. Соның бірі – ауылдың ішкі көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.



Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдардың инфрақұрылымын дамыту бүгінде күн тәртібінен түспейді. Соңғы екі-үш жылда ауданға қарасты өлді мекендерде жүйелі жұмыс атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асуда. Мен алдағы саяси науқанға қатысу арқылы ауыл тұрғындарымен бірлесіп жұмыс жасай отырып, ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қоссам деймін. Ең алдымен мемлекеттік саясатты жүзеге асырып, Қаракеткен ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының талап-тілегіне көңіл бөліп, пікірімен санасып, өтінішінің оң шешіміне жұмыс жасаймын. Сондай-ақ ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серпін алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасап, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану үшін мәдени-қоғамдық жұмыстармен спортпен шұғылдануына ықпал жасап, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартамын. Жастар тәрбиесін де назардан тыс қалдырмай, қоғамдық тәртіпті сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, күл-қоқыстарды тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын. Елді мекендегі ұжымдық қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесіп отырып, қоғамдық тәртіпті сақталуына жауапкершілікпен қараймын.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде өңірге жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына жұмыс жасаймын. «Ауыл аманаты» жобасының игілігін ауыл халқының белсенді пайдалануына ықпал жасаймын. Жастарды қолдау да күн тәртібінен түспейді. Жастарды жан-жақты қолдау бағытындағы жобаларды қолдаймын. Оларды кәсіпке баулу мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде грант, төмен пайызбен несие алып кәсіп бастауға сүйемелдеймін. Бюджеттік салып түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастырамын. Атқарылатын жұмыстардың барлығы ұдайы бақылауымыз болады.

Кәсіпкерлік саласына серпін беремін. Елді мекенде жүргізіліп жатқан саяси, мәдени-әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттау, ауыл халқымен бірлесіп отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейінде жүргізуді міндетім деп білемін.

«Ауыл – ел тірегі» демекші, ауыл халқының әлеуетін жақсарту мемлекет саясатының басты міндеті деп білемін. Сондықтан ауылды көркейту менің басты жұмысым болмақ. Алға қойған мақсатым айқын, бірақ оның жүзеге асуы үшін бірінші кезекте сайлаушылардың қолдауы қажет. Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында ауылды көркейтіп, ел еңесін тіктейтін жарқын жобалардың жүзеге асуына өз үлесімді қоссам деймін.

Беккұлтан ЕРМАХАН,
Қаракеткен ауылдық округі әкіміне үміткер
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Ауылдың екінші тынысы ашылады



Туған жерді түлету – азаматтық парызы. Сіздердің қолдауларыңызбен алдағы саяси науқанда алға қойған міндеттерімізді жүзеге асырып, халықтың

әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Халықтың сенімін ақтау жолында аянбай еңбек ету үшін өз міндеттерімізді тиянақты орындаймын. Себебі ауданның қай бұрышы да менің туған жерім болып табылады.

Саяси науқанға қатысу арқылы бар қарым-қабілетімді тұтастай бір ауылдың болашағына жұмсамақпын. Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Бір өңірдің алдағы 4 жылдық болашағы менің тәжірибем, іс жүргізуіме тікелей байланысты. Ал бұл уақыт ауылдың екінші тынысын ашуға толықтай жетеді.

Елдің әлеуетін арттыру бөрінен маңызды. Ауыл өкімі ретінде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жаңа жұмыс кездерін ашуға жағдай жасаймын. Өзіміз тұратын елді мекеннің тазалығы баршамаңызды толғандыруы тиіс. Сондықтан ауылда көркейтуді қамтамасыз ету, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу жұмысқа жұмыс жасауды ұйымдастырамын. Әрине, бұл ретте елдің ынтымағы бөрінен маңызды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында ауылдық округті көркейтуді қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстардың бірі кәсіпкерлерге қолдау көрсету екені белгілі. Кәсіп ашып, оны дамытамын деушілерге қашанда көмек қолын созу, қайтарымсыз грантқа ие болуға және төмен пайызбен несие алу жұмыстарына да жәрдемдесу менің назарымнан тыс қалмайды. Бұл салада серпін қалыптасса, бірінші кезекте өңірдің

кірпісі есепленеді, елді мекенде жұмыссыздық мәселесін болдырмауға мүмкіндік туады, жергілікті халықтың екі қолға бір күрек табуына жағдай жасалып, жаңа жұмыс орындары ашылады. Сондықтан кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламалар арқылы жергілікті жастарды жаңа кәсіп көздерін ашуға жұмыс жасап, жаңа жобалар мен тың бастамаларды жүзеге асыру бағытында ауылдарға инвесторлар тартамын.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстаймын. Әлеуметтік осал топтарға бағытталған қолдау шараларын күшейту де назарымда болады. Ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тарту бағытында жобаларды қолға аламын. Елді мекенде инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударамын. Ауылдағы жолдардың жөндеуі, электр желілерінің кедергісіз жұмыс атқаруына ықпал етемін.

Ел қолдаса, халықтың ертеңіне жұмыс жасауға өзмің. Тұрғындар артық сенім үдесінен шығу – негізгі мақсатым. Ауылдағы басқа да өзекті мәселелерді кезек-кезекімен шешуге күш салып, тұрғындарды ауызбіршілікке шақыра отырып, бірқатар жарқын жобаны жүзеге асырамын. Ауылдың болашағын жарқын етуге бар қарым-қабілетімді саламын. Өздеріңіз көріп отырғандай, ел игілігіне жұмыс жасауға деген мақсатым айқын. Сондықтан жергілікті тұрғындарды алдағы сайлауда маған дауыс беруге шақырамын.

Ақтау ЕРСУЛТАНОВ,
Қаракеткен ауылдық округі әкіміне үміткер
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

2025 жылғы 10 сәуірге Жалағаш ауданы бойынша жетім балалар, ата-анасын қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй алу кезеңінің тізімі

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the orphanage category.

2025 жылғы 10 сәуірге Жалағаш ауданы бойынша көп балалы отбасылардың тұрғын үй алу кезеңінің тізімі

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the large family category.

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the third category.

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the fourth category.

2025 жылғы 10 сәуірге Жалағаш ауданы бойынша халықтың әлеуметтік жағиын осал топтарына жататын азаматтардың тұрғын үй алу кезеңінің тізімі

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the socially vulnerable category.

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the fifth category.

2025 жылғы 10 сәуірге Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттің ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй алу кезеңінің тізімі

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the state employees category.

2025 жылғы 10 сәуірге Жалағаш ауданы бойынша жалғыз тұрғын үй Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпін авариялық жағдайда дең таныған азаматтардың тұрғын үй алу кезеңінің тізімі

Table with 4 columns: Кезек-тері №, Тегі, Аты, Әкесінің аты. Lists names and family names of children in the single-parent category.

Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

2025 жылғы II тоқсанда «Жалағаш аудандық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Table with 6 columns: №, Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты), Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы, Жеке қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны.

«Сыр медиа» ЖШС және Жалағаш аудандық «Жалағаш жарысы» газетінің ұжымы Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Күрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Тынышбек Дайрабайға апасы

Шайкүл Дайрабайқызының

дүниеден өтуіне орай отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

